

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

СТУДЕНТТІҢ, ОЛ — КУРАТОР ЕҢ ЖАҚЫНЫ,

Алгартова
Гүлжан Мақатқызы
Аға оқытушы
Педагогика және
психология магистрі
«Smart куратор - 2020»
байқауының
бас жеңімпазы

4-5 66

Осы санда



ЖҮЗ ҚАЗ, ЖҮЗ ТОМ
ЖӘНЕ ЖҮЗ ЖАС

3-6



ЗАКРЫТАЯ ЖИЗНЬ
Репортаж из красной зоны

8-9 стр



ЖАСТАРДЫ
ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДЕП
ВОЛОНТЕРЛІКТІҢ
МАҢЫЗЫ

12-13 66

✓ Басты жаңалықтар

✓ Главные новости

✓ Main news

ЖУБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 100 БІЛІМ АЛУШЫСЫ – ОБЛЫС ӘКІМІ СТИПЕНДИЯСЫНЫҢ ИЕГЕРІ

Оқуда озат, қоғамдық істерде белсенді, ғылыми және шығармашылық жұмыстармен тұрақты айналысатын Жұбанов университетінің 100 білім алушысына Ақтөбе облысының әкімі Оңдасын Оразалиннің атаулы стипендиясы тағайындалды. Бұл құрметке ие болған өңір жастарының жалпы саны – 230. Олардың бәріне стипендия сертификаттарын облыс әкімі өз қолымен табыстап тұрып: «2019 жылдың «Жастар жылы» деп жариялануы жастар үшін үлкен мүмкіндіктер берсе, үстеміздегі жылдың «Волонтерлар жылы» деп жариялануы мемлекет тарапынан жас ұрпақты қолдауға бағытталған маңызды қадам. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан – жас әрі жастардың мемлекеті! Жастарымыз – дамуымыздың қозғаушы күші. Барлық мемлекеттік органдардың міндеті – жастардың өзін-өзі жақсы танытуына жағдай жасау және олардың оң бастамаларына қолдау көрсету, екенін айтқан болатын. Ақтөбе өңірінде талантты, білімді, тәртібімен үлгі боларлық жастарымыз жеткілікті. Облыстың дамуына үлес қосуға ниетті жастарды біз әрқашан қолдауға дайынбыз».

Атаулы стипендия 190 ЖОО студентіне – 120 мың теңге, колледждің 40 студентіне – 70 мың теңге көлемінде 2020-2021 оқу жылында 1 рет берілетін болады.

100 СТУДЕНТОВ УНИВЕРСИТЕТА ИМ.ЖУБАНОВА — ОБЛАДАТЕЛИ СТИПЕНДИИ АКИМА ОБЛАСТИ

Именных стипендий акима Актыбинской области Ондасына Оразалина удостоились 100 студентов университета Жубанова, преуспевающих в учебе, активно занимающихся общественными делами, во-



влеченных в научную и творческую работу. Всего было чествовано 230 молодых людей региона. Лично вручая сертификаты о присвоении стипендии, аким области отметил: «Объявленный в 2019 году Год молодежи открыл широкие возможности для молодежи, а объявление этого года Годом волонтеров стал важным шагом в усилении государственной поддержки молодого поколения. Президент страны Касым-Жомарт Токаев всегда говорит, Казахстан – молодой и государство молодых! Наша молодежь является движущей силой развития. По его словам, задача всех государственных органов – создать условия для проявления потенциала молодых людей и поддержать их инициативы. В Актыбинской области много талантливой, образованной и образцовой молодежи. Мы всегда готовы поддержать молодых людей, которые хотят внести свой вклад в развитие региона», — сказал он.

Размер присужденных именных стипендий, назначенных один раз на 2020-2021 учебный год, составит – 120 тысяч тенге для 190 студентов ВУЗов, 70 тысяч тенге для 40 учащихся колледжей.

100 STUDENTS OF ZHUBANOVA UNIVERSITY - HOLDERS OF SCHOLARSHIPS OF AKIM OF THE REGION

The scholarships of Akim of Aktobe region Ondasyin Orazalin were awarded to 100 students of Zhubanov University who excel in their studies, are actively involved in public affairs, and are involved in scientific and creative work. There were a total of 230 young people in the region. Personally presenting the scholarship awarding certificates, the regional akim noted: «The Year of Youth, announced in 2019, opened up great opportunities for youth, and the announcement of this year as the Year of Volunteers was an important step in strengthening government support for the young generation. President of the country Kassym-Zhomart Tokaev always says, Kazakhstan is young and the state is young! Our youth is a driving force for development. According to him, the task of all state bodies is to create conditions for the manifestation of the potential of young people and support their initiatives. There are many talented, educated and exemplary youth in the Aktobe region. We are always ready to support young people who want to contribute to the development of the region,» he said.

The amount of awarded scholarships awarded once for the academic year 2020-2021 will be – 120 thousand tenge for 190 university students, 70 thousand tenge for 40 college students.

«In order to provide social support for students, employment and placement of youth in the summer, in February 2019, the Zhasyl El front office was opened. The Zhasyl Yel front office works closely with the headquarters of the Atameken regional student construction team and the Zhasyl Yel labor squad. For this purpose, a system plan is being developed and work is underway on a roadmap for employing university students in student construction teams in the summer,» said Karylgash Satybaldina, director of the Department of Social Affairs and Youth Policy of the University.

БАТЫР АЛИЯНЫҢ АУЫЛЫ ТУРИСТІК НЫСАНҒА АЙНАЛАДЫ

Кеңес Одағының батыры, қазақ қызы Әлия Молдағұлованың туғанына 95 жыл толуына орай облыс әкімі Оңдасын Оразалин бастаған топ оның туған ауылы Бұлаққа арнайы барып, ескерткішіне гүл шоғын қойып, рухына дұға бағыштады. «Қазақтың ер жүрек қызы Әлия Молдағұлованың биыл 95 жылдығына орай үлкен ауқымды шараларды ұйымдастыру жоспарланған болатын. Өкінішке орай, әлемді шарпыған Covid19 індетінің өтек алуына байланысты аталған іс-шаралар өткізілмейтін болды. Дегенмен де, жас ұрпақ қайсар қыздың ерлігін мәңгі ұмытпақ емес», — деді Оңдасын Оразалин. Облыс әкімі Қобда ауданының туристік маршрут схемасымен танысты. Аудан әкімі Болат Куловқа туризмді дамыту үшін ұлттық құндылықтарды жаңғырту қажет екенін, Бұлақ ауылынан тарихи музей ашылатынын, сондай-ақ туристер үшін экоферма қызметі қолға алынып жатқанын әңгімеледі. Болашақта туристер аялдап, ұлттық тағамдар мен ұлттық сусындардан дәм татуға болатын киіз үй-

лер тігіледі. Мұнда ІҚМ өсірумен айналысатын «Тамбай» шаруа қожалығы бар. 2011 жылы құрылған қожалықта 413 ІҚМ, 216 бас жылқы бағылады. Шаруашылықта қымыз өндіріледі, оны ашыту, күбімен пісіру жұмыстары толық автоматтандырылған. Шаруашылық жанында балық өсіру тоғаны бар. 200 көшет алма ағашы отырғызылған. Биыл жақсы өнім берсе бұл жерде бау-бақша кәсібі де дамымақ.

РОДИНА АЛИИ МОЛДАГУЛОВОЙ СТАНЕТ ТУРИСТИЧЕСКОЙ ДОСТОПРИМЕЧАТЕЛЬНОСТЬЮ

Команда госслужащих во главе с акимом области Ондасыном Оразалиным посетила родной аул героя Советского Союза Алии Молдагуловой по случаю 95-летия со дня рождения, возложила цветы к памятнику и помолилась за ее душу. «В этом году планировалось организовать масштабное мероприятие, посвященное 95-летию отважной казахской девушки Алии Молдагуловой. К сожалению, из-за вспышки эпидемии Covid-19 эти события были отменены. Но мы никогда не забудем ее героизм», —

сказал Ондасын Оразалин. Аким области ознакомился со схемой туристических маршрутов Кобдинского района. Глава района Болат Кулов рассказал о необходимости возрождения национальных ценностей для развития туризма, открытия исторического музея в селе Булак, а также создания эко-фермы для туристов. В будущем будут построены юрты, где туристы смогут остановиться и попробовать национальные блюда и напитки. Есть ферма «Тамбай», которая занимается скотоводством. Хозяйство, созданное в 2011 году, насчитывает 413 голов крупного рогатого скота и 216 лошадей. Ферма производит кумыс, его ферментация и приготовление полностью автоматизированы, рядом находится рыбный пруд, посажено 200 яблонь. В этом году, если урожай будет хорошим, здесь планируют развивать садоводства.

ALIA MOLDAGULOVA'S HOMELAND WILL BECOME A TOURIST ATTRACTION

A team of civil servants, headed by regional akim Ondasyin Orazalin, visited the native village

of the hero of the Soviet Union Alia Moldagulova on the occasion of her 95th birthday, laid flowers at the monument and prayed for her soul. «This year it was planned to organize a large-scale event dedicated to the 95th anniversary of the brave Kazakh girl Aliya Moldagulova. Unfortunately, due to the outbreak of the Covid-19 epidemic, these events were canceled. But we will never forget her heroism,» said Ondasyin Orazalin. The head of the district, Bolat Kulov, spoke about the need to revive national values for the development of tourism, the opening of a historical museum in the village of Bulak, and the creation of an eco-farm for tourists. In the future, yurts will be built where tourists can stop and try national dishes and drinks. There is a Tambay farm, which is engaged in cattle breeding. The farm, established in 2011, has 413 cattle and 216 horses. The farm produces kumiss, its fermentation and cooking are fully automated, there is a fish pond nearby, 200 apple trees planted. This year, if the harvest is good, they plan to develop gardening here.

Anniversary

ЖҮЗ ҚАЗ, ЖҮЗ ТОМ ЖӘНЕ ЖҮЗ ЖАС

(Атақты академик, ғибратты ғалым, ұлағатты ұстаз Сәйіт Қасқабасов 80-ге толды)



Елге танымал ғалым-әдебиетші, ұлттық фольклор теориясының негізін қалаушы академик Сәйіт Қасқабасов 80 жасқа келді. Оны Жұбанов университетінің ректоры Бауыржан Ердембеков өз Facebook парағында «Қазақ әдебиетінің аскары Сәйіт Қасқабасов 80 жаста» деп пост жазып, құттықтап, ізгі тілегін жолдады. Сәйіт Қасқабасов Жұбанов университетіне 20 жылдан астам академиялық қолдау көрсетіп келеді. Ол Жұбанов университетінің Құрметті профессоры. Оның жетекшілігімен «Қазақтың топонимдік фольклоры» тақырыбында ақтөбелік фольклортанушы Абат Пангереев 2010 жылы докторлық диссертациясын қорғады. Өткен қыста академик шәкіртінің 60 жасқа толуына байланысты Ақтөбеде өткен республикалық ғылыми конференцияға қатысты. Сол сапарында Бауыржан Ердембеков академиктің иығына шапан жауып, «Қ.Жұбанов» медалімен марапаттады. С.Қасқабасовтың фольклортану ғылымы-

на қосқан үлесі зор. Ол ұлттық фольклор теориясының негізгі проблемаларын қарастырды, статусын айқындады. Фольклордың поэтикасын талдап, тұтастық заңдылықтарын дәйектеді. Қазақ эпосына жаңа, балладалық және дастан түрлерін қосты. «Қозы-Көрпеш - Баян сұлу» және «Қыз Жібек» жырларын жаңа тұрғыдан талдады. Нәтижесінде «Эпос народов Евразии» деген сериямен Мәскеуден ғылыми зерттеулер жинағын шығарды. Фольклордың руханиятпен байланысын, оның әдебиетпен, музыкамен, бейнелеу өнерімен қатынасындағы аспектілерге зерттеу жасады. «Бабалар сөзі» 100 томдық фольклор жинағының редакциясына басшылық етті. «С.Қасқабасов ғылыми мектебін» қалыптастырды. Ғылыми ортада аты аңызға айналған оқымысты жайлы шәкірттерінің бірі, академик Бауыржан Омарұлы ұстазының биік тұлғасын өзге қырынан көрсетіп, әлеуметтік желіде әдемі, тебіреністі жазба жариялады.

Жас күнінен зерек болып өсті. Құймақұлақ, айтқан сөзді қағып алады. Нағашы атасы керемет сұңғыла кісі еді. Баладан бірдеңе шығатынын бірден байқады. Жасынан жыр жаттатты. Қисса-дастандарды құлағына құйды. 1949 жылы бұл шаңырақта бір үлкен қоңыр кітап пайда болды. Сыртында «Жамбыл» деген жазуы бар. Атасы Жамбылдың қарындасынан туған. Содан ба, әйтеуір Жәкемді қайта-қайта оқытты. Жатпай-тұрмай фольклорлық есеп үйретті. Соның бірі – «Жүз қаз» деген есеп. Мазмұны былай. Әуеде бір топ қаз ұшып келе жатыпты. Оларға жерде тұрған қаз: «Ассалаумағалейкум, жүз қаз!», – деп сәлем беріпті. Жоғарыдан

дауыс келіпті: «Уағалайкумассалам, бір қаз! Біз жүз емеспіз. Осы тобымызға тағы осындай топ қосса, оған соның жартысын, оған сол жартысының жартысын қосса, оған сенің өзіңді қосса, жүз қаз боламыз». Сосын «Аспанда қанша қаз ұшып келе жатыр?» – деп атасы бұған мейірлене көз салады. Бала Сәйіттің миы айналады. Біресе аспанға, біресе айналаға, біресе атасына қарайды. Олай санайды, бұлай санайды, қазы құрғырдың есебі шықпайды. Сөйтсе, бар-жоғы 36 қаз екен ғой. $36+36+18+9+1=100$. Міне, теңдеудің формуласын білмейтін қазақ осындай есеп ойлап тапқан. Мұның бәрі, әрине, жас ұланның ой-өрісін қалыптастыруға әсер етті. Құймақұлақ жиенді ілім-білімге

құлшындырған нағашы атасы, әрине, ол кезде кейін атағы алты алашқа мәлім болатын академикті тәрбиелеп жатқанын білген жоқ. Бірақ оның көзі қарақты, санасы сергек азамат болып қалыптасатынын сезген секілді. Шешесі Әужан да халық әндерін шебер орындайтын. Өсіресе, «Қараторғайды» беріле айтатын. Соның бәрі бала Сәйіттің зердесінде сайрап тұр. Қарап тұрса, Сәйіт Қасқабасовты нағашысы Әбдікерім Кемпірұлы фольклор әлеміне жетелеп әкелген екен. Алғашқы ұстазының әсері мықты болғаны соншалық, академик Қасқабасов қазіргі күні де кей сәтте Кемпірұлының кеңестерін санасында жаңғыртады. Жамбыл атасының

«Үнің кетпес құлақтан» деп жырлағаны секілді нағашысының қоңыр дауысы тіпті жақыннан естілгендей болады. Қала академикі Қасқабасов «дала академигі» Кемпірұлын жиі еске алады. Жүз қаздың мысал есебінен басталған құштарлық талай жетістікке жол сілтеді. Бәлкім, жүз саны миының мүйісіне қонақтап қалған болар, «Бабалар сөзі» сериясымен қазақ фольклорының 100 томдығын әзірледі. Бұл теңдессіз жоба сол кездегі Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі Мұхтар Құл-Мұхаммедтің ұсынысы бойынша жүзеге асты. Қазір кез келген қазақтың шаңырағында тұратын, қыздың жасауынан да бағалы рухани дүниеге айналды. Сәйіт ағаның М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтын басқарған кездегі басқа жобалары бір төбе, беделін биіктетіп, абыройын асқақтатқан «Бабалар сөзі» бір төбе. Әрине, жауһар жәдігерліктерді жинақтаған баспалық өнімдердің қай-қайсысы да құнды. Бірақ ұлтты ұйыстырып, жұртты жігерлендірген жүз томдықтың жөні бөлек. Жадымызды жаңғыртқан жүз томдық алтын артқан ғасырлар керуенін біздің заманымызға қайта оралтты. Академик Сәйіт Қасқабасовтың тағы бір ерекше бастамасы «институт ішіндегі институт» – Ежелгі әдебиет бөлімін ашуы еді. Университетті бітіре сала осы бөлімде қызмет істеген бозбалалар мен бойжеткендер бүгінде әдебиеттану ғылымының жас перілеріне айналды. Зерттеуінің әр дерегі елді елең еткізетін Ақжігіт Әлібекулы, Төрәлі Қыдыр, Мұхит Салқынбаев, Гүлнәр Құрманғали, Балжан Төекіна – академиялық үлгідегі ғибратты ғылымның мектебінен өткен жастардың талантты буынының өкілдері. Солардың бәрін Сәйіт Қасқабасов алақанына салып аялады. Ол кісі бастаған істі тағы бір ардақты ағамыз Уәлихан Қалижанұлы лайықты жалғастырды. Кейінгі басшылық «Бабалар сөзін» сәтті аяқтап, жүз қаздан нәр алған жүз томдықты жұртшылықпен жүздестірді. Жеңіске жетелеген жүз қаз бен жаһанға танылған жүз томдық дәл бүгін сексен жасқа толған жаны жайсаң жақсы ағаға айтылар тәуір тілекті түрткілеп отырғаны... Өзіңіз жастай жырып жатпаған нағашы атаңыз Жамбыл жүздің жотасына жетпеп пе еді осы?! Ендеше, нағашысына тартқан ер жігітке тағы бір жиырма жылдың әрісі не, берісі не, тәйірі?! Жүз қаз бен жүз томдық тағы бір жүздікке жол бастасын деген тәтті тілек қой біздікі...

Бауыржан Омарұлы,
академик, ҚР Президентінің
кеңесшісі.
Facebook, 23.06.2020

Person of the month

— Елімізде жоғары білім беру саласының модернизациялануына байланысты жастарға тәрбие беруде талаптар күшейтілді. Бүгінгі куратор университетке оқуға келген білім алушының әлеуметтік сұрақтар жөнінен көмекшісі ғана емес, ол жетекшілік ететін тобындағы түрлі мінез-құлықты жастардың ортақ тіл табысуына көмектесе алатын психолог ролін де атқаруы керек болар?

— Озық технологияға айырықша маңыз беріліп отырған бүгінгі заманның жастарының өмірлік ұстанымы өзгеше. Олар жаңалықты игеруге өте бейім. Жаңа нәрсені сынап көруден қорықпайды, өзіне не керекін біледі, ақпаратты тез қабылдап, қорытады. Әбу Насыр Әл-Фараби айтып кеткендей «Тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы», шынымен де бүгінгідей қарқынды даму уақытында жастардың бойына мейірімділік, ізгілік, қайырымдылық, адамгершілік секілді құнды қасиеттерді сіңіре тәрбиелеу — үлкен мәселе. Студенттер бірінші курсқа келген кезде кураторлық қызметті тәжірибелі ұстаздар атқаруы керек деп ойлаймын. Студенттеріміз ертеңгі педагог-маман. Тәрбие жұмыстарымды салт-дәстүрімізге, тарихымыз бен әдебиетімізге бағыттаймын. Шәкірттерім оны кейін мектеп оқушыларына насихаттайтын болады. Ұлттық құндылықтарға арналған ашық тәрбие сағаттары жүргізіледі, семинар сабақтар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып, түрлі тақырып аясында өз пікірлерін ортаға салып, талқылай білуге бейімдеймін. Университетте ұйымдастырылатын әр шараға қатысырамын. Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаменті өте жақсы жұмыс жасайды, мысалға айтып кетер болсам тобымның студенттері бос уақыттарында департамент ұйымдастырған конкурстарға қатысады, мерекелік концерттерде студенттерімді сахнадан көремін, бұл сәттер мені өте қуантады. Себебі студенттерім осылай бос уақыттарын бойларындағы өнерлерін дамытуға арнап жатса зиянды әдеттерден аулақ болады. Қазір жастарды жолдан тайдыратын неше түрлі жағдайлар көп, сондықтан студенттердің сабақтан тыс өмірін жіті бақылап отырмаса болмайды. Сабаққа келген студенттің көңіл-күйі болмаса, басқа да өзгерістерді байқасам, дереу жағдайын біліп, көмек көрсетуге

тырысамын. Туындаған проблемалардың көбі жарияланбай, өзара шешімін тауып жатады. Жас адамдар шамшыл, ұялшақ болып келеді, басындағы проблемасын жанында



рамгүл Кеңесбайқызын, біздің оқу ордамызда қызмет атқаратын белгілі тарихшы, доцент Абенов Даулет Құсайынұлын қонаққа шақырдым. Онлайн жүйесінде өткесін тақырыпқа қызыққан факультет профессор-оқытушылар құрамынан

СТУДЕНТТІҢ ЕҢ ЖАҚЫНЫ,

жүрген достары да білмегенін қалайды. Әсіресе ауылдан келген студенттер ата-аналары қашықта болған соң, ешкімге айтпайды, іштей тынып жүреді, егер куратор студенттермен тығыз жұмыс жасап, студенттің сеніміне кіре білсе міндетті түрде студент өз проблемасымен бөліседі.

Топтағы студенттердің мінез-құлқы, отбасы тәрбиесі, басқа да бойындағы жеке қасиеттері әр түрлі болады. Әдетте алғашқы таныстықтан соң топтағы әр студентке жеке көңіл аударып отырып, жалпы топты зерттеп аламын. Шындығы керек, мен бірнеше топқа кураторлық қызметін атқардым, бір жылы түскен топтар алғыр, пысық болып келсе, келесі топ жетелеуді, көп жұмыс жасауды талап етеді. Кейде ата-аналарымен байланыса жұмыс жасауға тура келіп жатады, дегенмен студенттермен жұмыс жасау өте қызықты.

— **Smart куратор - 2020 байқауының бас жүлдесін алдыңыз. Еңбегіңізге берілген жоғары баға деп түсінемін. Байқау барысы жайында айтып өтсеңіз.**

— Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаменті мен университеттің бастауыш кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен өткен

«Smart куратор - 2020» байқауына факультет атынан қатыстым. Байқау 3 кезеңнен тұрды. Әр кезеңнің қорытындысы (facebook, instagram) әлеуметтік желілерде жарияланып отырды.

Бірінші кезеңде куратор өзін және тобын 1 минуттық бейнеролик арқылы таныстыру керек болды. Сонымен қатар 2019-2020 оқу жылында жасалған тәрбие жұмыстарының есебі, тәрбие жұмысындағы шығармашылық ізденіс, қол жеткізген нәтижелер көрсеткіші, ата-аналармен жұмыс сияқты куратор еңбегімен толық таныстыратын құжаттар жиналған портфолио тапсырылды.

Екінші кезеңнің шарты бойынша Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына байланысты ашық куратор сағатын өткіздік. Куратор сағаты онлайн түрде өтті, конкурсанттар да бір-бірінің кураторлық сағатына қатыса алды. Мен шәкірттерімді ұлы философтың тұлғалық бейнесімен, оның ғасырлар жалғасында мәңгілік мәнін жоймаған еңбектерімен толыққанды таныстыру мақсатында кураторлық сағатқа Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ұстазы, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Бұлақбаева Мей-

өкілдер, басқа топ кураторлары тыңдап отыруға мүмкіндік алды. Нәтижесінде мазмұнды, есте қалған кездесу болып қалды.

Үшінші кезеңдегі шартқа орай университетіміздің 85-жылдығына арнап 1 минуттық челлендж ұйымдастырдық.

Тамаша байқау болды, конкурсанттар бар күш-жігерін салып, кураторлық жұмыстарындағы өз ерекшеліктерін қамтып көрсетуге тырысты. Конкурс шарттарын орындау барысында бір-бірімізден керемет тәжірибе алдық, тіпті кейде конкурсқа қатысып жатқанымызды ұмытып, ортақ ойларымызды айтып, демеп кетуші едік. Былайғы уақытта ондай басқосуларға уақыт табыла бермейді. Конкурсқа қатысқан әр куратордың өз істерін шынайы сүйіп, бағалайтынына тәнті болдым. Конкурсқа қазылық еткен әріптестерге ішімізден ең үздікті анықтау оңай болмағаны анық.

Осындай маңызды шараны ұйымдастырушыларға риза бола отыра университетіміздің ректоры Ердембеков Бауыржан Амангелдіұлына да рахмет айтып келеді. Бұрын кураторлық жұмысымызға 3-5 мың теңге көлемінде төленетін болса, қазір 15-20 мың аралығында қосымша ақы аламыз. Осы конкурсқа қатысушылардың

бөріне жүлдеден тыс ақшалай сыйақы төленді.

«Smart куратор - 2020» байқауының бас жүлдегеріне 100000 тг., 1-орынға – 70 000 мың тг., 2-орынға – 50000 мың тг., 3-орынға – 40000 мың тг. көлемінде ақшалай сыйлық бөлінді. Одан басқа номинациялар бойынша да сыйлықтар берілді. Одан тыс конкурсқа қатысушылардың бөріне жүлдеден тыс ақшалай сыйақы төленді. Бұл үлкен материалдық қолдау. Конкурс қорытындысында Бауыржан Амангелдіұлы кураторлық жұмыстың көлеміне, жауапкершілігіне, қиындығына қарамастан студент жастардың ортаға жылдам бейімделуіне, көптеген сұрақтардың оңай шешілуіне дәнекер болып жүрген кураторлар қауымына алғыс айтуы бізді қанаттандырып жіберді.

мейді, бізде сағат 18.00-де жұмыс бітпейді, студенттер қай уақытта қоңырау шалып, мәселелерін айтып жатса, бөріні тастаймыз. Ешбір басшы солай жаса, тәулік бойы куратор бол деп айтпайды, ешқандай куратор бос уақыттарын кей кезде студенттердің мәселесін шешуге арнағанын да айтпайды, ол адамгершілік тұрғысынан алғанда өздігінен жұмыс барысында болып жататын процесс.

Қазіргі еліміздегі пандемия жағдайына байланысты наурыздың 16-нан бастап қашықтан жұмыс жасадық. Студенттерде алда қандай жағдай болады, арты немен аяқталар екен деген уайым болды. Алғашқы кезде қобалжыды, бір апта бойына жаңа жағдайға үйренісуге адаптациядан өтті. Деканаттың ұйғарымымен ата-аналар чатын ашуға тура келіп жатты, кураторлар бұл қалай бола-

Қиын кезеңде рух алмастық. Одан кейін ZOOM бағдарламасы арқылы кураторлық сағаттар өткізіп отырдық, пайда болған мәселелерді шештік. Төселгеннен соң студенттер тек тыңдап қана қоймай, ашылып, ойларын айтып, қызу талас пікір нәтижесінде ортақ мәселелердің оң шешімі табылып жатты. Студенттер университетті, барлық ұстаздарын, бізді қатты сағынғандарын айтқанда эмоцияға ерік беріліп кеткен кездеріміз жанымызға жылу мен қуаныш сыйлайтын, өмірдегі қимас сәттер деп сезінемін.

— Ал, бітіріп, маман болып кеткен түлектер хабарласып тұра ма?

— Түлектердің көбі өз мамандықтарымен жұмыс жасап жатқандықтан кейбір семинарларда, біліктілікті көтеру курстарында жиі кездесіп, шұқырасып жатамыз ғой. Дегенмен осы жылғы туған күнімде таңертеңгі кафедраның құттықтау жиналысынан шығып, бірден сабаққа кіріп кеткенмін. Сағат 12.30-дағы үзіліске шықсам, аудитория алдында осыдан 5 жыл бұрын бітіріп кеткен тобымның ұлдары жиналып келіп тұр екен. Қолдарындағы гүл шоқтарын ұсынып, жеке мерекемді әлі ұмытпағандарын ай-

мандықтардан құрылған. Мұнда айнала эстетикалық тәрбие беретін, эстетикалық талғам мен сезімге тәрбиелейтін көрнекілікке, туындыларға толы. Жастар қызығып қана қоймайды, өнерді үйреніп, кәделеріне жаратып жатады. Руханият жағынан болмыстары байиды. Өзім факультеттің Бейнелеу өнері және сызу кафедрасында 2004 жылы оқытушы болып орналастым. Осы университет түлегімін. Магистрлік білімді де осы жерден алдым. Магистратураны 2009-2011 жылдар аралығында «Педагогика және психология» мамандығы бойынша оқып, бітірдім. Аға оқытушы дәрежесіне көтерілдім. Сонымен қатар соңғы төрт жылда факультет бойынша әдістемелік кеңестің төрайымы қызметін атқарудамын. Соған сәйкес университет көлемінде, облыс көлемінде семинарлар өткізіп, бұл бағытта да тәжірибе жинақталып жатыр. Ғылыми жетекшілігім бар, студенттерді халықаралық (шетелге), республикалық ғылыми конференцияларға қатыстырып, оларды ғылым-зерттеу жұмыстарына баулуда да еңбектеніп жүрген шамамыз бар.

Көптілді тұлғаны қалыптастыру мақсатында ағылшын тілін меңгеру қажет, уақыт тауып, ағылшын тілі курстарына барып тілді меңгерудемін.

Факультет бойынша білім бағдарламаларын тексеретін академиялық комитеттің құрамындамын, сонымен қатар кафедра бойынша да білім беру бағдарламасын жасақтау комиссиясы мүшесімін. Мамандарды дайындауға деген бүгінгі талаптардың сипаты мен жылдамдығы жиі өзгеріп отыр, толассыз цифрландыру, еңбек дағдыларына және классикалық білімнің еңбек нарығының сұранысына лайық білім бағдарламасының мазмұны қайта-қайта қаралып, жаңартылып отырылады. Сол себепті, кафедра меңгерушісі, педагог-ғалым Мергенбай Курғамбеков бастаған осы команданың құрамында болғандықтан көптеген құжаттарды қарауға тура келеді, әрқашан ізденіс үстіндеміз. Заман талабына сай маман даярлау білім беру саласындағы басты міндеттің бірі болып табылады. Егер білім беру мен тәрбие егіз ұғым десек, әрбір жаңа оқуға келген студент оқу ордасынан максималды білім жинағын алып, тәрбиелі, көргенді адам және жақсы маман болып шықса — парызымыздың орындалғаны.

**Өңгімелескен
Гүлнара Дауылбайқызы**

ОЛ — КУРАТОР



— Кураторлықты қосымша табыс ретінде қарайтын-дар болады. Олар пысық староста сайлайды да, жұмыстың бөріні сол атқарады. Көзқарасыңыз.

— Кураторлық қызметті қосымша ақы ретінде қарап атқару мүмкін емес деп ойлаймын. Себебі студенттермен араласып тұрып, жұмыс жасамау, олардың мәселелеріне көз жұма қарау үшін қатігез болу қажет. Әр түрлі жағдайлар болып жатады. Менің 2 тобым бар, 2-ші және 4-ші курстан. Студенттермен жұмыс жасау кураторлық сағатпен шектел-

ды, кәмелетке толған студенттеріміздің ата-аналары қалай қарайды деп ыңғайсызданып едік. Жүрексіне чатты аштық, күмән сейілді, керісінше ата-аналар түсіністік танытып, біздерге қолдау көрсетті. Оқу процесін онлайнға көшіру кезінде интернет жүйесіне, қажетті нәтиже сияқты материалдық ресурстарға байланысты орын алған мәселенің бөрі шешілді. Instagram желісіне тікелей эфирге шығып, студенттердің ата-аналардың сұрақтарына жауап бердік, сол кезде олардың жазған жылы комментарийлері бізге күш-жігер берді.

тып, тілектерін жаудырып, құттықтағанда толқып кеттім. Ұстаздықтың мәртебесі осындай көріністерден құралады емес пе...

— Ұстаздық жайлы айтып қалдыңыз, сізді ұлтымыздың ұмытыла бастаған киіз басу өнерінің шебері, насихаттаушысы ретінде де білеміз. Қазіргі жастардың осы өнерге қызығушылығы бар ма?

— Мен еңбек ететін Кәсіби-шығармашылық факультеті негізінен тәрбиенің ортасы болу керек деп ойлаймын, себебі факультет шығармашылық ма-

✓ Басты жаңалықтар

✓ Главные новости

✓ Main news

СПОРТШЫ ҰСТАЗҒА ҚҰРМЕТ

Өңірде дене тәрбиесі мұғалімі кадрларын дайындауда сүбелі үлесі бар, отыз жылдан астам білім беру саласында еңбектеніп келе жатқан ҚР Құрметті спорт қайраткері, Самбодан ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, ұлттық дәрежедегі төреші, Жұбанов университетінің оқытушысы Әбілғазиз Құлмағамбетовті ректор Бауыржан Ердембеков арнайы қабылдап, мерейлі 60 жасқа толуына байланысты сый-сияпат жасады.

Мерей той иесіне «Қ.Жұбанов» төсбелгісін табыстап, иығына ұлттық шапан жапты. «Сіздің саналы ғұмырыңыз осы жоғары оқу орнында өтті, әкімшілік-басқару қызметтерінде болып, тәжірибе жинақтадыңыз. Университеттің спорт клубының дамып, жетілуіне күш-жігеріңізді салдыңыз. Облыста самбодан 40-шақты спорт шеберін дайындадыңыз. Дене тәрбиесі және спорттың өзекті мәселелеріне арнап ғылыми мақалалар жазып, оқу-әдістемелік құралдар шығардыңыз. Ел-жұртқа есіміңіз танымал, шәкірттеріңізге қадірлі жансыз. Алда да университеттің дамуы мен өркендеуіне үлес қосуда аянып қалмайтыныңызға сенемін, зор денсаулық, мол табыс тілеймін», - деді Б.Ердембеков құттықтау сөзінде.

Әбілғазиз Қалдыбайұлының жұлдызды шәкірттері арасында Ақтөбе қаласының әкімі, самбодан әлем чемпионы Асхат Шахаров та бар. Сондай-ақ ол әлем чемпиондары Раиса Балиева, Қажымұқан Шалтақов, әлем кубоктарының иегерлері Мұрат Досанов, Жанаргүл Ақбаланова, әлем чемпионаттарының жүлдегерлері Мәди Хусаинов, Берік Бакешов, Серік Нұрғалиевтің бапкері болған. Қызмет жолындағы негізгі ұстанымы жоғары жауапкершілік пен абыройлы іс атқару спортшы ұстазды талай биік сатыларға көтерді.

Әбілғазиз Құлмағамбетов 1960 жылы 23 маусым күні Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жұбанов ауылында дүниеге келген. 1977 жылы Ақтөбе қаласындағы «Дарын» орта мектебін бітірген. 1979-1981 жылы әскери борышын өтеп, 1982 жылы Ақтөбе педагогикалық институтының дайындық бөліміне түсіп, оны 1987 жылы аяқтаған. 2012 жылы жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталған.

Ол Бауыржан Момышұлына арналған «Батыр шапағаты» медалінің, «Жұбанов университетін дамытудағы еңбегі үшін» медалінің, «Спорт ардагері» төс белгісінің иегері.

Дене шынықтыру саласының үздік қызметкері жастар тәрбиелеуде рухани құндылықтар мен ұлттық қасиеттерге баса көңіл бөледі құптайды. Бұл оның ұстаз ретінде де, спорт бапкері ретінде де басты қағидасы.

ЧЕСТВОВАЛИ ПЕДАГОГА-СПОРТСМЕНА

Ректор Бауржан Ердембеков принял заслуженного деятеля спорта Республики Казахстан, заслуженного тренера Республики Казахстан по самбо, народного судью, преподавателя университета имени Жубанова Абилгазиза Кулмагамбетова, который внес значительный вклад в подготовку учителей физкультуры в регионе. Руководитель ВУЗа сделал подарок по случаю 60-летия коллеги - медаль «К. Жубанов» и национальный шапан. «Вы провели всю жизнь в этом университете, на административных должностях и



приобрели опыт. Внесли свой вклад в развитие и совершенствование университетского спортивного клуба, подготовили около 40 мастеров спорта по самбо в регионе. Опубликовали учебники, ваше имя хорошо известно людям, дорогим вашим ученикам. Я надеюсь, что вы приложите все усилия, чтобы способствовать развитию и процветанию университета, желаю вам здоровья и успехов», — сказал Б.Ердембеков в своей поздравительной речи. Среди звездных учеников Абилгазиза Калдыбаевича — аким Актобе, чемпион мира по самбо Асхат Шахаров. Он также был тренером чемпионов мира Раисы Балиевой, Кажимукана Шалтакова, победителей Кубка



мира Мурата Досанова, Жанаргуль Акбалановой, победителей чемпионата мира Мәди Хусаинова, Берика Бакешова, Серика Нұрғалиева. Высокая ответственность и почетный труд, главные принципы его карьеры, подняли спортсмена-педагога на многие высоты. Абилгазиз Кулмагамбетов родился 23 июня 1960 года в селе Жубанов Мугалжарского района Актыбинской области. В 1977 году окончил среднюю школу Дарын в Актобе. В 1979-1981 годы служил в армии, в 1982 году поступил на подготовительное отделение Актыбинского педагогического института, которое окончил в 1987 году. В 2012 году награжден значком «Ы.Алтынсарин» за значительные достижения в обучении и воспитании подрастающего поколения. Он является обладателем медали «Батыр Шапағаты», посвященной Бауржану Момышұлы, медали «За заслуги в развитии университета им. Жубанова», нагрудного знака «Ветеран спорта».

Лучший работник в области физической культуры делает акцент на духовных ценностях и национальных качествах в воспитании молодежи. Это его главный принцип как учителя, так и спортивного тренера.

HONORED TEACHER-ATHLETE

Rector Baurzhan Erdembekov received the honored worker of sports of the Republic of Kazakhstan, the honored trainer of the Republic of Kazakhstan in sambo, the national judge, the teacher of the university named after Zhubanov Abilgaziz Kulmagambetov, who made a significant contribution to the training of physical education teachers in the region. The head of the university made a gift on the occasion of the 60th anniversary of his colleague - the medal «K. Zhubanov» and the national shapan. «You spent your whole life at this university, in administrative positions and gained experience. You have contributed to the development and improvement of the university sports club, prepared about 40 masters of sports in sambo in the region. Textbooks published, your name is well known to people dear to your students. I hope that you will make every effort to contribute to the development and prosperity of the university, I wish you health and success,» B. Erdembekov said in his congratulatory speech. Among the star pupils of Abilgaziz Kaldybaevich - Akim of Aktobe, world champion in sambo Askhat Shakharov. He was also a coach of world champions Raisa Balieva, Khadzhimukan Shaltakova, winners of the World Cup Murat Dossanova, Zhanargul Ak-balanova, winners of the World Cup Madi Khusainov, Berik Bakeshov, Serik Nurgaliyev. High re-sponsibility

and honorable work, the main principles of his career, lifted the athlete-teacher to many heights. Abilgaziz Kulmagambetov was born on June 23, 1960 in the village of Zhubanov, Mu-galzharsky district, Aktobe region. In 1977 he graduated from Daryn secondary school in Aktobe. In 1979-1981 he served in the army, in 1982 he entered the preparatory department of the Aktobe Pedagogical Institute, which he graduated in 1987. In 2012 he was awarded the badge «S. Altynsarın» for significant achievements in the training and education of the younger generation. He is the owner of the Batyr Shapagaty medal dedicated to Baurzhan Momysheuly, the medal For Merits in the Development of the University named after Zhubanova», the badge» Veteran of Sports».

The best employee in the field of physical education focuses on spiritual values and national qualities in the education of youth. This is his main principle as a teacher and sports coach.

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ЖЕҢІС ШЕРУІНЕ ҚАТЫСТЫ

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына арналған Мәскеудегі әскери шеруге Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та қатысты. Шеруде республика атынан 36-шы десанттық-шабуылдаушы бригадасының 55 сарбазы сап түзеді. Сапты бригада командирі подполковник Ұлан Нұрғазиев алып жүрді. Қасым-Жомарт Тоқаев оларға орнынан тұрып қолшемет көрсетті.

Бригада сарбаздарына дайындық кезінде ерекше санитарлық режимде күтім жасалған. Олар жеке құрамнан бөлектеніліп, күнделікті медициналық бақылауда болған. Сырттағы адамдармен байланысы шектелінген. Сондықтан сарбаздардың коронавирус жұқтыру қаупі жоқ.

Салтанатты Жеңіс шеруі 24-маусымда өтті.

Бұл дата тосын таңдалмаған. Ресей Федерациясының президенті Владимир Путин өз баяндамасында дәл сол күні, 1945 жылы Қызыл алаңда фашистерді тізе бүктірген Ұлы Жеңіс батырлары сап түзген даңқты шеру өткенін атап өтті.

Шараға Қасым-Жомарт Тоқаевпен қатар, Беларусь президенті Александр Лукашенко, Молдова президенті Игорь Додон, Сербия президенті Александар Вучич, Тәжікстан президенті Эмомали Рахмон, Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёев, сербтерден Босния және Герцеговина Президиумының төрағасы Милорад Додик, сондай-ақ, бірқатар халықаралық ұйымдардың басшылары келді.

Салтанатты шеруге 13 мыңнан астам әскери қызметші, 216 әскери техника және әртүрлі 75 әскери ұшу аппараты қатысты.

Қызыл алаңнан 53 жаяу әскер колоннасы, ТМД елдері және басқа да шет мемлекеттердің қарулы күштерінен құралған 13 топ салтанатты түрде сап құрап өтті.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПРИНЯЛ УЧАСТИЕ В ПАРАДЕ ПОБЕДЫ

Президент Казахстана Қасым-Жомарт Тоқаев принял участие в военном параде в Москве, посвященном 75-летию Победы в Великой Отечественной войне. От имени республики в строю прошли 55 солдат 36-й воздушно-десантной бригады. Линию возглавлял командир бригады подполковник Улан Нургазиев. Касым-Жомарт Тоқаев встал и аплодировал им. Военнослужащие бригады во время учений проходили специальный санитарный режим. Они были отделены от персонала и под ежедневным медицинским наблюдением. Общение с посторонними

ограничили. Поэтому солдаты не рисковали заразиться коронавирусом.

Парад Победы состоялся 24 июня. Эта дата была выбрана не случайно. В своем выступлении президент России Владимир Путин отметил, что в тот же день в 1945 году на Красной площади состоялся первый парад героев Великой Победы, победивших фашистов. Помимо Касым-Жомарта Токаева в мероприятии приняли участие президент Беларуси Александр Лукашенко, президент Молдовы Игорь Додон, президент Сербии Александар Вучич, президент Таджикистана Эмомали Рахмон, президент Узбекистана Шавкат Мирзиёев, президент Сербии Боснии и Герцеговины Милорад Додик и руководители ряда международных организаций. Более 13 000 военнослужащих, 216 военных машин и 75 различных военных самолетов приняли участие в параде. 13 пехотных конвоев, 13 групп вооруженных сил СНГ и других зарубежных стран также выстроились на Красной площади.

KASSYM-ZHOMART TOKAYEV TOOK PART IN THE VICTORY PARADE

President of Kazakhstan Kassym-Zhomart Tokayev also took part in a military parade in Moscow dedicated to the 75th anniversary of Victory in the Great Patriotic War. On behalf of the republic, 55 soldiers of the 36th Airborne Brigade marched in the ranks. The line was led by the brigade commander Lt. Col. Ulan Nurgaziev. Kassym-Zhomart Tokayev got up and applauded them. During the exercises, the brigade members underwent a special sanitary regime. They were separated from the staff and under daily medical supervision. Communication with strangers is limited. Therefore, the soldiers did not risk becoming infected with the coronavirus. Victory Parade was held on June 24. This date was not chosen by chance. In his speech, Russian President Vladimir Putin noted that on the same day in 1945, the first parade of heroes of the Great Victory defeating the Nazis took place on Red Square. In addition to Kassym-Zhomart Tokayev, the event was attended by President of Belarus Alexander Lukashenko, President of Moldova Igor Dodon, President of Serbia Alexander Vucic, President of Tajikistan Emomali Rahmon, President of Uzbekistan Shavkat Mirziyoyev, President of Serbia of Bosnia and Herzegovina Milorad Dodik and leaders of several international organizations. More than 13,000 troops, 216 military vehicles and 75 different military aircraft took part in the parade. 13 infantry convoys, 13 groups of the armed forces of the CIS and other foreign countries also lined up on Red Square.

«ANTICOVID-19» ВОЛОНТЕРЛАР КОМАНДАСЫ КӨМЕККЕ ШЫҚТЫ

Ақтөбенің волонтерларынан құралған «Anticovid-19» командасы індет жұқтырған науқастар мен медицина мекемелеріне көмек көрсетуді бастады деп хабарлайды diapazon.kz. Олар ауруханаларға ыстық тамақ тасумен, науқастарға дәрі-дәрмек іздеумен шұғылданады.

«Біз денсаулық күзетінде жүрген медицина қызметкерлеріне қолдау көрсетуді шештік, — дейді волонтер Екатерина Голотина, — барлық провизорлық госпитальдерге ыстық тамақ апарамыз. Кафелер, инста-пабликтер, қазіргі жағдайға бей-жай қарамайтын әктембіктер қолдан келген жәрдемің ұсынады».

Волонтерлар командасы кез-келген жәрдемді қабылдайды. Дәм-тағамнан өзге емхана жанынан ұйымдастырылған стационарларға көрпе-төсек жеткізуде. Волонтерлар өткен қатаң карантин кезінде жалғызбасты қарттарға тамақ жеткізумен, бетперде таратумен шұғылданған. Егер әкімдік қажетті қорғаныш эпикировкасын бөлсе Covid-19 дертінен жағдайы ауырлаған науқастарды ауруханаларға жедел апаруға да көмектесуге дайын.

КОМАНДА ВОЛОНТЕРОВ «АНТИКОВИД-19» ПРИШЛА НА ПОМОЩЬ

Команда «Антиковид-19» в составе добровольцев из Актобе начала оказывать помощь инфицированным пациентам и медицинским учреждениям, сообщает diapazon.kz. Они доставляют горячую еду в больницы и ищут лекарства для пациентов. «Мы решили поддержать медперсонал, — сказала волонтер Екатерина Голотина — мы возим горячую еду во все провизорные госпитали. Не остались в стороне кафе, инста-паблики, неравнодушные люди, которые помогают нам». Команда волонтеров принимает любую помощь. Помимо еды, она доставляет одеяла и постельное белье в дневные стационары, организованные при поликлиниках. Во время строгого карантина добровольцы занимались доставкой еды и масок одиноким пожилым людям. Если акимат выделяет защитные костюмы, волонтеры готовы помочь транспортировать пациентов с ухудшением состояния из-за Covid-19 в больницы.

THE TEAM OF VOLUNTEERS «ANTIKOVID-19» CAME TO THE RESCUE

The Antikovid-19 team, consisting of volunteers from Aktobe, began providing assistance to infected patients and medical facilities, diapazon.kz reports. They deliver hot food to hospitals and look for medicines for patients. «We decided to support the medical staff,» said volunteer Ekaterina Golotina, «we bring hot food to all provisional hospitals.» Cafes, insta-pubs, caring people who help us did not stand aside. «The volunteer team accepts any help. Besides food, it delivers blankets and bed linen to day hospitals organized at polyclinics. During strict quarantine, volunteers delivered food and masks to single elderly people. If the Akimat allocates protective suits, volunteers are ready to help transport patients with deterioration due to Covid-19 to hospitals.

☑ Covid-19

Закрнутая жизнь

Репортаж из красной зоны

Меня зовут Инкара. Два года я работала в Актюбинском медицинском центре врачом - терапевтом по оказанию экстренной помощи пациентам. Наша больница, несмотря на постоянный наплыв больных, всегда отличалась гостеприимством - никаких железных дверей, круглосуточно сюда могли зайти болеющие за помощью, родственники, чтобы узнать состояние своих близких, ухаживающие, которые оставались на ночь с тяжелооболными. Сейчас же обстановка изменилась на 180 градусов. Коррективы в жизнь центра внес COVID-19 с его угрожающим осложнением - пневмонией. В середине июня многопрофильный стационар АМЦ преобразовался в госпиталь на 400 коек для лечения пневмонии. Теперь двери Центра закрыты для внешнего мира. О жизни ТАМ знают только пациенты и персонал.

Среди первых пациентов госпиталя - 37-летняя **Алтынгуль Галиева**. Учителя школы №27 привезли на карете «103» в тяжелом состоянии. «Все началось с бронхита. Получала амбулаторное лечение. Эффекта не было. Возникла сильная одышка, я стала задыхаться. Страшное позади. На 14 день лечения мое состояние начало улучшаться», — вспоминает пациентка.

Провизорный госпиталь развернули при АМЦ еще в начале введения ограничительных мер



в стране. 80 коек всегда были заполнены. Терапевт Светлана Агзамова, которая руководила организацией его работы, акушер-гинеколог Анар Акатаева, руководящая по сей день службой родовспоможения беременным женщинам с ОРВИ и пневмонией и уходом за новорожденными от КВИ-положительных мам, сами чуть не оказались на больничной койке. Но, чтобы не занимать последние, лечились дома и снова вернулись в строй. Таких медицинских работников сотни.

После укомплектования всего стационара под госпиталь, переквалифицироваться пришлось многим узким специалистам центра. Теперь в роли пульмонологов и терапевтов — нейрохирург Руслан Кажгаиев, гастроэнтеролог Эльвира Кенжебаева и их коллеги. «Сначала я была направлена в отделение. Позже перевели в приемный покой. Здесь требуется большая скорость. Нужно быстро принять пациента, оценить тяжесть состояния, назначить диагностику. Мы принимаем только тяжелооболных пациентов, остальных направляем на амбулаторное лечение. Наверное, это и самое сложное — объяснить человеку отказ в госпитализации. Но сейчас си-

туация стабилизировалась», — признается **Эльвира Мейрхановна**.

Для помощи в работе госпиталя были созданы и врачи общей практики из поликлиник. Их скорейшая адаптация в условиях больницы легла на плечи медицинских сестер и братьев. Старшая медсестра терапевтического отделения Райхан Даниярова уже 6 лет на страже здоровья людей. «Моя команда медсестер и медбратьев всячески помогает врачам, особенно новым коллегам. В начале им было сложно — большой стационар, круглосуточный мониторинг пациентов, назначение лечения только из списка, доступного отделению. Но они быстро справились.

Наш заведующий отделением Болган Тапашевна Ишимова — профессионал, очень ответственная, всегда перепроверяет своих подопечных врачей. Когда находит ошибки, старается объяснить, но никогда не повышает голос. Поэтому наша работа проходит в дружелюбной атмосфере. Это важно сейчас», — рассказала специалист I категории **Райхан Даниярова**.





Доказывает на деле значимость среднего персонала больницы медбрат Ержан Мамыраев. Его смену ждут всем отделением. Парень — будущий врач. После окончания медицинского колледжа, совмещает работу с учебой. К пациентам у него свой подход — дежурство начинается с обхода палат, беседует с больными, спрашивает о состоянии: «Пандемия дала людям глубже задуматься о жизни. Главным для всех сейчас стало здоровье семьи. Вирус не щадит никого. Первое время думали, что поток пациентов никогда не закончится. Ставили койки в коридорах, этого тоже было недостаточно. Сейчас лучше. Население осознало свои ошибки, все стали носить маски, соблюдать дистанцию. Надеюсь, скоро мы вернемся к прежнему режиму».

Пока «не видно света в конце тоннеля» для отделения реанимации. Тяжелых пациентов все еще много. Камалхан Ермагамбетов руководит службой анестезиологии, реанимации и интенсивной терапии со дня основания Актюбинского медицинского центра. Привыкший сутками стеречь жизни пациентов в повседневных буднях, сей-

час он и вовсе забыл о покое. Требуется такого же внимания к больным от коллег. Команда реаниматологов применяет все ресурсы для спасения каждой жизни.

После госпитализации пациентов к лечению подключается и психолог АМЦ Айнура Нурбаева. «Пациенты в критическом состоянии в приемном покое начинают паниковать. Но после наступления улучшения — успокаиваются. А бывает так — некоторые лечащиеся, просмотрев разные фейковые информации, сами ухудшают свое состояние. Показатели здоровья стабильные, а из-за стресса у больного ухудшается работа иммунной системы, опять наступает критический момент. Людям лучше отключиться от соцсетей и полностью настроиться на лечение», — советует психолог.

Марзия Жармагамбетова — медсестра офтальмологического кабинета городской поликлиники №1. Сейчас она пациент 8-го госпиталя. «10 дней держалась высокая температура до 39 градусов. Беспокоил приступообразный кашель и одышка. На 19 сутки обещают выписать — мое состояние

улучшилось», — сообщила она свою радость. Марзия добровольно ведет профилактическую работу среди знакомых и родственников. Между системами и приемом лекарств, она отвечает на звонки десятков беспокоящихся о её здоровье близких. На своем примере рассказывает о коварной болезни и необходимости соблюдения карантинных мер. Её соплатница Алтынгүль Галиева, о которой говорила вначале, уже выписалась. Прощалась с персоналом со слезами на глазах, благодарила и молилась за них. «Процент выздоравливающих сегодня превышает 95%. Поэтому не надо себя настраивать на плохое. Конечно, в первые дни было очень сложно. Не успевали осматривать вновь поступающих. Количество больных превышало 400 человек в сутки. Те пациенты и выписываются сейчас. Столько благодарности в наш адрес мы не слышали никогда», — говорит молодой врач Шолпан Канназарова.

Свидетелем всей этой жизни, закрытой от нас, стала моя мама, главный редактор областной газеты «Zhubanov University» Гульнара Караша. После 4 дней симптомов ОРВИ у неё развилась двусторонняя пневмония. Сейчас получает лечение. «Я вокруг слышу слова любви. Дети пишут мамам записки, отправляют голосовые сообщения со словами любви. Везде и всюду слышу «Мамочка, выздоравливай, я тебя люблю!» Выздоровевшие уходят со слезами благодарности, счастливыми, домой. Тут мы, пациенты, показываем друг другу фотографии близких. Это эмоционально тяжелый период», — наблюдая за лечащимися, заметила мама.

Стоя у дверей главного входа, где принимают «передачки», услышала выражение «как снеговики». Так один родственник пациента прозвал персонал больницы, одетых в средства индивидуальной защиты. Эти «снеговики» — герои настоящего, благодаря которым спасены тысячи жизней. Страстно желаю выздоровления своей маме и всем, кто сейчас на больничной койке.

Мама, я люблю тебя!

Инкара Карашаева,
медицинский журналист.



☑ Trade union

КОРОНОВИРУС ПАНДЕМИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ

Қазақстанда кәсіподақ қозғалысы XX ғасырдан бастау алады. Қазақ жеріндегі ең алғашқы кәсіподақ ұйымы ретінде 1905 жылдың 6-желтоқсанында құрылған Қарағанды облысы аумағында орналасқан Мыс кеніші жұмысшыларының Одағы болып саналады.

Кеңес Одағы тұсында Қазақ КСР-ның барлық кәсіподақтарының қызметі орталық орган – Қазақ кәсіптік одақтар кеңесіне (ел есінде Қазсовпроф болып қалған) қарады. Оның қызметі 1948 жылы басталды.

1990 жылы Қазақстан кәсіподақтарының XIV съезінде «Қазсовпрофтың» орнына Қазақ КСР Кәсіподақтар Федерациясын құру туралы Декларация қабылданды.

1992 жылы Қазақ КСР Кәсіподақтар Федерациясының атауы өзгертіліп, Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясы болып қайта құрылды. Бұл ұйымға биылғы мамыр айынан бастап Сатыбалды Телағысұлы Дәулеталин төрағалық етеді.

Федерация қызметінің нысаны және мақсаты – мүшелік ұйымдардың әрекеттерін кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық, еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғауға өкілдік ету үшін шоғырландыру және үйлестіру, кәсіптік одақтардың қызметіне құқықтық кепілдікті қамтамасыз етуге септесу.

Федерацияның жоғарғы органы – Федерацияның Бас кеңесі 5 жылда бір рет шақыратын Съезд. Федерацияның басшы органы Федерацияның Бас Кеңесі.

Алқалы атқару органы – Федерацияның Атқару комитеті.

Атқару-басқару қызметін Федерацияның төрағасы жүзеге асырады. Бақылау-тексеру органы – Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясының Тексеру Комиссиясы.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің бастауыш кәсіподақ ұйымы «Қазақстан Республикасының Ақтөбе облыстық білім беру және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы» қоғам бірлестігінің филиалы болып табылады. Кәсіподақ ұйымының басты қызметі – профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек құқықтарын және кәсіби құзырын қорғау.



COVID-19 коронавирустық инфекциясына байланысты әлемдік пандемия кезінде кәсіподақ ұйымдары қызметі ширай түсті. Өйткені қауіпті індет халыққа көптеген қосымша қиындықтар туғызып отыр. Осы ерекше жағдайда қалай жұмыс істеп жатқандары жайлы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті бастауыш кәсіподақ ұйымы төрайымы **Ольга Қашымқызы Сұлтанғалиева** баяндап берді.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті бастауыш кәсіподақ ұйымы еңбек адамының құқықтары мен заңды мүдделерінің орындалуын қадағалайтын қоғамдық бірлестік. Өз құрамында мыңға жуық кәсіподақ мүшесін қамтитын іргелі ұжым. Әлемдік КВИ пандемиясы жағдайына байланысты елімізде төтенше жағдай жарияланған күннен-ақ университет ректоры, яғни әлеуметтік серіктесіміз Бауыржан Ердембеков өз қарамағындағы барлық қызметкерлерге материалдық көмек

қолын ұсынып, жағдайын жасады. Сонымен бірге біздің ұйым да бұл жағдайдан тысқары қалған жоқ, дер кезінде қатарымыздағы кәсіподақ комитет мүшелерімен байланысқа шығып, олардың хал-ахуалын біліп отырдық. Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментімен бірлесе отырып, тікелей эфирге шығып, қызметкерлер көкейінде туындаған сұрақтарға жауап берілді. Төтенше жағдай кезінде әлеуметтік және моральдық тұрғыдан көмек беру бірінші кезеңге қойылды. Кәсіподақ ұйымы қаржы-

сынан көмек сұраған 35 кәсіподақ мүшелерінің өтініштері қанағаттандырылып, ақшалай көмек алды. Кәсіподақ ұйымы басқа құрылымдар секілді төтенше жағдайға байланысты online режимінде жұмыс жасады. Бірінші кезекте еңбек адамының құқығын, еңбек қатынастарын қорғау болғандықтан қызметкерлерді басқару және құжат-айналым бөлімі қызметі басышымен тікелей байланыста болдық, жұмыстан еріксіз босату мәселесі сияқты жағдайлар болған жоқ, өз еркімен еңбек демалысы төленетін күндерін алғандар қатары болды, қазір олар жұмыстарын жалғастыруда. Университет басшысының қолдауымен жағдайы нашар бірнеше отбасына бір айлық еңбекақы көлемінде университеттен көмек беріл-

ді, бұл ауыз толтырып айтуға болатын жағдай деп ойлаймын, бұған кәсіподақ ұйымының септігі тиді, өйткені көмек сұрап келушілер ең бірінші кәсіподақ ұйымына келеді, өтінішті кәсіподақтың комитет мүшелері жан-жақты талқылап барып, бір шешімге келіп отырады. Сонымен қатар, кәсіподақ ұйымы пандемия кезінде өз кеңестерінде мерейтой иелерін де ескерусіз қалдырмады. Әсіресе жедел көмекке мұқтаждарды назарында ұстап, кәсіподақ комитет мүшелерінің шешімімен кәсіподақ ұйымы есебінен қаржылай көмек беріліп отырды. Ондай қайырымдылық көмек алушылар — ауыр науқаспен ауыратындар, оперативті ем қабылдағаннан кейінгі қиындықтарға тап болғандар, өмірде ауыр жағдайда қалғандар.



Жалпы кәсіподақ ұйымына келіп түскен арыздар мен өтініштер жүз пайыз қаралады және соңғы бір жарым жылдың ішінде қанағаттандырылмай қалған өтініштер болған жоқ (тек қана кәсіподақ қатарында жоқ адамдардың арыз-өтініштері қаралмайды), бұл да кәсіподақ ұйымы үшін соңғы жылдардағы үлкен жетістік.

Қазір еңбек демалыстарының мерзімі басталды. Кәсіподақ ұйымы осыған дейін де өз құрамындағы кәсіподақ мүшелерінің жазғы тынығуын тиімді өткізу мәселесін қарастырып, өткен жылы 25 қызметкерді Мәртөк ауданындағы «Зеру» пантосауықтыру шипажайына демалуға жолдама берген болатын. Биыл да осы дәстүрді жалғастырғымыз келеді, бірақ қазіргі пандемия жағдайына байланысты бұл мәселенің нақтылы шешімін табуы уақыт еншісінде. Дегенмен, өз құрамындағы барлық профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің жазғы шипажайға демалуы қарастырылып, отыз пайызын белгіленген лимит бойынша төлеу жоспарда бар. Хабарландыру әрбір құрылымдағы жауапты адамдарға жіберілген болатын. Еңбек демалысында сауықтыру шипажайына демалып келгендердің шығынының кәсіподақ ұйымы есебінен отыз пайызы төленіп беріледі. Тағы айта кететін мәселе, осыған дейінде соңғы бір жылда кәсіподақ құрамындағы кәсіподақ мүшелерінің өтініштері толық қара-

лып, демалған шипажайларға кеткен шығындары жүз, елу, отыз пайызға дейін төленді.

Әрине, жоғары оқу орнында оқу мен тәрбие қатар жүретіні белгілі. Сондықтан кәсіподақ ұйымы университеттегі барлық тәрбиелік шараларға белсене араласып отырады, шара-

тапсырылып, демеушілігімен сыйлықтар табысталды. Сонымен бірге, 1-маусым – балаларды қорғау күні мерекесіне профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің балаларына арналған online-курс болды, конкурста 40-тан астам балалар қатысып, жүл-



ларды өткізуге демеушілік көрсетеді, өз құрамындағы кәсіподақ мүшелерін түрлі жетістіктерімен марапаттайды. Ұлы Жеңістің 75 жылдық мерейтойына байланысты университетте қызмет істеген тыл ардагерлерін марапаттау іс-шарасы өтті, оларға университет ректоры атынан «Алғыс хат»

делі орын алғандары қомақты көлемде ақшалай және бағалы сыйлықтарды иеленді. Шараға қатысушы барша балаға сыйлық берілді. Сонымен бірге, Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментімен бірлесіп «Smart куратор-2020» онлайн-конкурсын ұйымдастырдық, жүлделі

орындарға 100 мыңнан 40 мыңға дейінгі ақшалай марапат және қатысушыларға ынталандыру сыйлықтары берілді. Медицина қызметкерлері күнінде университет емханасы дәрігерлері мен қызметкерлеріне қаржы бөліп, мерекелік тарту жасадық. Осыған дейінгі өткізіліп келе жатқан тәрбие жұмыстарына байланысты іс-шаралардың бәріне де кәсіподақ ұйымы демеушілік жасап, қолдау келеді. Өйткені бұл ортақ жұмыс, өз қатарындағы профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерге, білім саласында тер төгіп жүрген жандардың қажырлы еңбегіне деген сый-құрмет деп есептеймін. Алда Жұбанов университетінің 85 жылдық мерейтойы жақындап қалды, оған орай үлкен жоспар құрып отырмыз. Бір қуаныштысы ҚР еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі жанындағы кеңестің төрайымы Айгүл Мақсатқызы Мұқашева, «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Ақтөбе облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестік төрайымы Раушан Серікқызы Серікова осы университеттің бітіруші түлектері. Олар да ерекше тосын-сый дайындап жатыр.

Әлем халқының басындағы бүгінгі індет қаупі сөйліп, қалыпты өмірімізге тезірек ораламыз деп сенемін.

Дайындаған
Гүлнара Қараша

✓ Volunteer

Қазақстанда Волонтерлік туралы заң 2016 жылы 30-желтоқсанда қабылданды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев елімізде волонтерлік қызметті дамыту жайлы VIII Азаматтық форумда сөйлеген сөзінде жастарды әлеуметтік жобаларға тарту арқылы олардың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді жетілдіруге болатынын айтып, бағдар берген еді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Елбасы идеясын әрі жалғастырып, 2020 жылды Волонтерлар жылы деп жариялады. 15 мыңға жуық жас білім алып, тәрбиеленіп жатқан Жұбанов университетінде волонтерлік мектеп бұрыннан қалыптасқан. Білім алушылардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыруда, олардың патриоттық сезімі мен рухын күшейтуде волонтерлік қызмет аясын кеңітіп, бағыттарын көбейту жұмыстарының барысы туралы Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің директоры Қарылғаш Сатыбалдинадан білген едік.



ашылды. Академияның негізгі бағыты тек университетшілік емес, өңірде волонтерлікті ілгерілетуге үлес қосу. Мұнда қаладағы мектептердің 60 ерікті ұйымдарының жетекшілері және 100-ден астам басқа да волонтерлар арнайы курсты аяқтап шықты. Сонымен қатар пандемия кезінде online форматта жұмыстар жалғастырылды, ең алғаш болып батыс өңірінде online волонтерлар мектебінің үшінші кезеңін жалғастырып, қатарға жаңадан жасалған жастарға волонтерліктің қыр-сырын, алғышарттарын, еліміздің дамуындағы орнын түсіндірген тре-

Жастарды әлеуметтендірудегі волонтерліктің маңызы



Волонтерліктің негізі—қайырымдылық. Жастарды ізгілікке, жақынға деген қамқорлыққа баулуда — волонтерлік қызмет маңызды. Волонтерлікпен айналысу арқылы әр жас адам өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінеді, істеген қайырымынан рақат алады, ой-өрісін кеңітеді. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Волонтерлар жылын жариялап тұрып, бұл істің науқандық болып қалмауын, өркениетті елдер тәжірибесіне сүйене әрі жалғастыру қажет екенін атап айтқан болатын. Бұл бағытта біз алдымен студент-жастардың қажеттіліктерін, мақсат-мүдделерін көшенді зерттеп алып, іске кірістік. Әсіресе бізде волонтерлік жұмыстардың әлеуметтік, білім беру түрлеріне басымдық берілген. Дамыған мемлекеттерде волонтерлікпен психологиялық ахуалы тұрақты, білімді, әлеуметтік тұрғыдан өзін бақытты сезінетін адамдар айналысады. Олардағы бір ерекшелік волонтерлікті ерте жастағылар да атқарады. Дүние жүзінде 126 млн. адам волонтерлікке өмірін арнап отыр. АҚШ-та жастарды волонтерлікке тарту тәжірибесі жақсы дамыған. Онда тіпті «міндетті волонтерлік» туралы бағдарламалар бар. Волонтерлікке тартылған жастарда бойкүйездік деген болмайды. 1985 жылдан бері БҰҰ волонтерліктің азаматтық қоғамның дамуындағы маңыздылығын мойындап, әлемнің барлық елдеріне оны қол-

дау жөнінде іс-шараларды ұйымдастыруға шақырды. Бұл үрдіс Қазақстанда енді қарқын алып отыр.

Волонтерлікті тек қана қайырымдылықпен байланыстыруға болмайды. Оның мәні мен маңызы тереңірек. Волонтерлар қоғамдық маңызы бар міндеттерді шешуге ат салыса алады. Университетте «Жұбанов жылуы», «Ізгілік елшілері», «Volunteer-2020», «INVO» «EcoARSU» 5 волонтерлік ұйымдары жұмыс жасайды. Олар-

інгі күнде «Qazvolunteer.kz» волонтерлердің бірыңғай интернет тұғырнамасындағы «Әлеуметтік студенттік кредит» жобасы бойынша 180 студент тіркеліп үлгерді. «Әлеуметтік студенттік кредит» жобасын іске асыру мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігі көрсеткен бес бағыт бойынша белгіленген 63 студент Ақтөбе облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруындағы қарттар мен мүгедектер интернат үйінде, әлеуметтік мекемелерде және әртүрлі шара-

нингтер жүргізілді. Басқосуларда облысымыздағы волонтерлар қозғалысының жетекшілері өз ойларымен, тәжірибелерімен бөлісті. Online волонтерлер мектебіне студенттерден, оқушылардан, жас мамандардан 50-ге жуық адам қатысты. Курс соңында жастарға волонтерлар мектебінде оқығаны үшін сертификат табысталды. Сондай-ақ online режимде облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасымен бірлесіп «Волонтерлікке жол» хакатонды өткізілді. Бұл шараға облыстың барлық аудандарынан, қаладан волонтерлар, қызығушылығы ояңған белсенді жастар және оқушылар қатысты. Шараның негізгі мақсаты облыстағы волонтерлік қызмет көрсетуді қажет ететін әлеуметтік мәселелерді анықтап, оны жобалар арқылы шешуді қолға алу еді. Online режимінде 8 сағат бойы жүрген бұл шараға 60-қа жуық адам қатысты. Волонтерлар жылында бекітілген мемлекеттік бағдарламаның әр 7 бағыты бойынша тәжірибелі волонтер қозғалысының жетекшілері жастарға бағыт-бағдар берді. Қорытындысында қарастырылып, талқыланған жобалар республикалық Ұлттық бағдарламалардың шағын гранттарына қатысуға ұсынылды.

Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Нарқозы Қартжан волонтерлікпен мол тәжірибесі бар маман. Ол елордада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен «Біз біргеміз» республикалық фронт-кеңсесінің ашылуына қатысты, студент кезінде волонтер болуды бастаған, алдымен «Д.А.Р» еріктілер клубына мүше болып, елімізде өткен дзюдодан халықаралық чемпионатта волонтер боларда бір ай бойы біліктілік арттыру курсына волонтерліктің мән-мағынасына қаныққан. Халықаралық EXPO көрмесінде, Алматыдағы Универсиадада, Ақтөбеде өткен бір көтеруден әлем



дың сапында әлеуметтік, денсаулық, білім, экологиялық бағыт және өз-өзін дамыту салалары бойынша 400-ге жуық ерікті студент бар. Бү-

ларда волонтер болып жұмыстар атқарады. 2019 жылы жастар ісі жөніндегі комитеттің жанынан «ProActive-2020» академиясы

чемпионатында ерікті қызметін атқарған. Волонтер қызметі жайлы білімін 2018 жылы қараша айында Бакуде халықаралық форумда жетілдірген ол волонтерлікке қатысты барлық игі істерде бастамашы. Басында айттым, волонтерлікте біздің жастарға әлеуметтік бағыт танысырақ әрі жандарына жақын деп. Сондықтан университет еріктілерінің бастауымен республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында балаларды мектепке дайындауға дәстүрлі көмек беріледі. Ақтөбе облысындағы қарттар және мүгедектер интернат үйінде қарттарға қолқабыс көрсетіп, мерекелерде концерттік қойылымдармен көңілдерін сергітеді.

Аяқталған оқу жылында «Ұстазыма мың алғыс» акциясы өтті, оның барысында барша ақтөбелік ұстаздарға құрмет көрсетіліп, қала көшелерінде және автобустарда мерекелік флаерлер таратылды. Дәстүрлі үрдіс бойынша балалар үйіне де әлеуметтік көмектер көрсетіліп, сыйлықтар табысталды. Университет және қала аумағында көптеген экологиялық акциялар (сенбіліктер, ағаш отырғызу, т.б.) жасалады, оған 800-ден аса ерікті жастар жұмылдырылды. «Ғажайыптар уақыты» акциясы бойынша да волонтерлар белсенділік көрсетіп, университет қызметкерлерінің балаларына арнап «Zhubanov Cinema» кинозалында мультфильм көрсетіп, мерекелік сыйлықтар табыстады, қаладағы тұрмыстық жағдайы төмен отбасына көмек беруде де белсенділік көрсетті. Сонымен қатар Әлем чемпионатында және республикалық паралимпиада ойындарын өткізу кезінде ұйымдастыру жұмыстарына көмек берді. Президенттің «Біз біргеміз» акциясына қатысты бірнеше шараларды өткізді. Мамыр айындағы Оңтүстік Қазақстан облысында болған техногендік апат салдарынан су астында қалған Мақтаарал ауданы тұрғындарына гуманитарлық көмек ұйымдастырылды, бұл орайда «Жұбанов жылуы» волонтерлік тобы «Жұбанов жастарынан – Мақтааралға көмек» акциясын жариялап, 3 күн ішінде жиналған 2 000 000 тг қаржыға тұрмыстық, гигиеналық және балалар тамақтары мен киім-кешек алынды. Осылайша әлемдік коронавирус пандемиясы жағдайында волонтер жастарымыз қызметтерінің ерекше маңыздылығын ұқты. Әрине, биыл бастау алған «ProActive» академиясы жанындағы Волонтерлар мектебі, «85 игі іс», «Ғажайыптар уақыты», «Жұбанов өз үйім», «Жақсылық Жұбанов» жобалары жаңа оқу жылында да жалғасын табады. Жастармен online жүйесінде жұмыс істеуге төселдік. Барлық әлеуметтік желілерде студенттерге жедел түрде мәліметтер мен ақпараттар тарату үшін жеке парақшалар жұмыс істеп тұр, сондай-ақ YouTube каналымыз бар.

Дайындаған
Гүлнара Қараша

Main news

БОЛАШАҚ ЖҰБАНОВШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН БІЛІМ ГРАНТЫ

Биыл Zhubanov University 85 жылдық мерей тойының құрметіне таңдаулы мектеп бітірушілерге өңірдің барлық ауданын қамтыған «Жұбанов керуені» мега жобасы аясында 85 білім грантын табыстаған болатын. Еліміз бойынша қазір Мемлекеттік білім гранты конкурсына қатысуға мүмкіндік беретін маусым айындағы Ұлттық Бірыңғай Тест шарасы өтіп жатқаны белгілі. Алғаш рет ерекше жағдайда өтіп жатқан бұл шараға Құдайберген Жұбанов атындағы білім грантының 2020 жылғы 85 иегері де тыңғылықты дайындалып, білімдерін сынауда. Солардың бірі **Нұрбол Қаламғалиұлы** Ойыл ауданы, Шұбарши селосындағы Құрман орта мектебін «Алтын белгімен» аяқтады. «Жұбанов керуенінде» табысталған грант алдағы жоспарымды өзгертті. Бұрын өзге мамандыққа дайындалып жүргенмін. Анамның, ұстаздарымның бағыт беруімен болашағымды мұғалімдік қызметке арнауға шешім қабылдадым. Химия-биология саласын тандап отырмын. Елімізде педагог мәртебесіне аса зор көңіл аударыла бастады. Арнайы заң қабылданды. Әрине, жақсы ұстаз болу үшін көп еңбектену қажет. Көшбасшылық қасиет керек. Соңғы ақпараттық технологияны жетік білуге тиістімін. Кейде қиялдап кетіп, балалар алдында сабақ түсіндіріп тұрған кезімді елестетемін. Үйде 10 ағайындымыз. Мен 9-шы баламын. Әкем менің 7 жасымда өмірден озды. Білімді, көзі ашық адам болғанын, менің оған ұқсайтынымды көзін көргендер жиі айтады. Мен әкемнің «Жақсы оқыңдар, сонда өмірлерің де мәнді болады» деген сөзін жадыма жаттап алдым. Әке есегін орындау үшін мектепте бар күш-жігеріммен білімге ынта қойдым. Алдағы мақсатым — жоғары оқу орнына түсіп, үздік студент атану. Сосын жайдары мінезді ұстазым Тамара Ықсанқызы Ажмухамбетовадай білікті маман болғым келеді. Ол менің қолыма алғаш қалам ұстатқан сүйікті апаым. Оның жетекшілігімен, қолдауымен мектеп қабырғасында жүріп талай жетістіктерге жеттім. Әке аманатына лайық болу, анамды қуанту, ұстаздарымның маған артқан үмітін ақтау — парызым», — дейді жас түлек.

Маңызды шара 5-шілдеге дейін жалғасады. Оған 130 мың адам қатысуға өтініш жазған. Оның ішінде 111 017-і мектепті биыл бітірген оқушылар (биылғы түлектердің жалпы саны 144 706), қалғандары колледж түлектері мен өзге азаматтар. Білім додасының нәтижесі тамыз айында белгілі болады. Ал болашақ жас жұбановшылардың жылдық тегін оқу мүмкіндігіне олар ие болған білім гранты кепіл береді.

ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ГРАНТ ДЛЯ БУДУЩИХ ЖУБАНОВЦЕВ

В этом году в честь 85-летия университета им. Жубанова лучшим выпускникам школ было вручено 85 образовательных грантов в рамках мегапроекта «Караван Жубанова», который охватил все районы региона. Как известно, в стране в июне проводится Единое национальное тестирование, позволяющее принять участие в конкурсе на получение государственных образовательных грантов. 85 победителей образовательного гранта имени Кудайбергенов Жубанова в 2020 году поглотились к судьбоносному событию, которое впервые проводится в особом формате.

Один из них, Нурбол Каламғалиұлы, окончил Курманскую среднюю школу в селе Шұбарши Уилского района со знаком «Алтын белгі». «Полученный грант в ходе «Каравана Жубанова», изменил мои планы. Я готовился к другой профессии. По совету моей мамы и учителей решил посвятить свое будущее преподаванию. Я выбираю область химии и биологии. Большое внимание уделяется статусу учителя в стране. Был принят специальный закон. Конечно, чтобы быть хорошим учителем, нужно много работать. Лидерство необходимо. Мне нужно знать новейшие информационные технологии. Иногда мне кажется, что я представляю и объясняю урок детям. У нас дома 10 детей. Я 9-й ребенок. Отец умер, когда мне было 7 лет. Его современники часто говорят, что он был образованным,



непредубежденным человеком, и что я похож на него. Помню слова моего отца: «Учись хорошо, тогда твоя жизнь будет иметь смысл». Я сделал все возможное, чтобы учиться в школе, следуя наставлениям моего отца. Моя следующая цель — поступить в университет и стать лучшим студентом. Тогда я хочу стать квалифицированным специалистом, как моя добродушная учительница Тамара Иксановна Ажмухамбетова. Она моя любимая наставница, которая впервые научила меня держать ручку. Под её руководством и при поддержке я многого добился в школе. Мой долг — быть достойным доверия отца, осчастливить маму, оправдать надежды моих учителей», — рассказал выпускник.

ЕНТ продлится до 5 июля. На участие подали заявки 130 тысяч человек. 111 017 из них — выпускники школ этого года (общее количество выпускников в этом году — 144 706), остальные выпускники колледжей и другие граждане. Результаты конкурса будут объявлены в августе. Ежегодное бесплатное образование будущих молодых жубановцев гарантируется полученными ими образовательными грантами.

EDUCATIONAL GRANT FOR FUTURE ZHUBANOV STUDENTS

This year in honor of the 85th anniversary of the Zhubanov University best school graduates were awarded 85 educational grants as part of the megaproject «Zhubanova Caravan», which covered all areas of the region. As you know, in June the country conducts Unified National Testing, which allows you to take part in the competition for state educational grants. 85 winners of the educational grant named after Kudaibergen Zhubanov in 2020 prepared for the fateful event, which was first held in a special format. One of them, Nurbol Kalamgaliyuly, graduated from Kurman secondary school in the village of Shubarshi of the Uilsky district with the sign «Alтын belgi». The grant received during the «Zhubanova Caravan» changed my plans. I was preparing for another profession. On the advice of my mother and teachers, I decided to devote my future to teaching. I choose the field of chemistry and biology. Much attention is paid to teacher status in the country. A special law was passed. Of course, to be a good teacher, you need to work hard. Leadership is necessary. I need to know the latest information technology. Sometimes it seems to me that I present and explain the lesson to the children. We have 10 children at home. I am the 9th child. My father died when I was 7 years old. His contemporaries often say that he was an educated, open-minded person, and that I look like him. I remember my father's words: «Study well, then your life will make sense.» I did my best to attend school, following my father's instructions. My next goal is to go to university and become a better student. Then I want to become a qualified specialist, like my good-natured teacher Tamara Iksanovna Azhmukhambetova. She is my favorite teacher, who first taught me how to hold a pen. Under her leadership and with the support I achieved a lot in school. Testing will last until July 5. 130 thousand people applied for participation. 111 017 of them are graduates of schools of this year (the total number of graduates this year is 144 706), the rest are college graduates and other citizens. Competition results will be announced in August. The annual free education of future young Zhubanovites is guaranteed by the educational grants they received.

✓ Басты жаңалықтар

✓ Главные новости

✓ Main news

ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖ АЛҒАШҚЫ ТҮЛЕКТЕРІН ҰШЫРДЫ

Жұбанов университетінде осыдан екі жыл бұрын ашылған Жоғары колледж алғашқы түлектерін шығарып салды. Университет ректоры Бауржан Ердембековтың бастамасымен 2018 жылғы 1-маусымда сатылы білім жүйесін іске асыру мақсатында ЖОО құрылымы ретінде «Жоғары колледжі» өз қызметін бастады.

«Жаңа уақыт, қазақстандық білім беру жүйесіне қойылған тың талаптар абырбатқан жоқ, біз білім беру қызметінің анағұрлым жоғары сатысына көшуіне дайынбыз. Педагогикалық шеберлік орталығы, Назарбаев зияткерлік мектебі және Ақтөбе облысы білім басқармасы арасында қол қойылған меморандум бойынша тығыз байланыста жұмыс істейміз. Колледж алдағы жаңа оқу жылынан бастап «бакалавр» біліктілігі бойынша мамандар дайындығына көшеді.



Колледждің өзіне тән бір ерекшелігі оқытушылардың төрттен бір бөлігі университеттің магистранттары. Олар жаңа әдіс-тәсілдерді, технологияларды меңгере отырып, тәжірибе жинақтайтын, білімдерін үнемі жетілдіруден жалықпайтын өз істеріне берілген жас оқытушылар», - дейді колледж директоры Гүлжан Уйсінбаева.

Жоғары колледжде 22 мамандық бойынша «техникалық және кәсіптік білім мамандарын даярлау» жүзеге асады. Мұнда 700-ге жуық білім алушы оқиды.

Екі жыл, аз уақыт ішінде оқу орны қазақстандық білім берудің қазіргі тенденциялары мен дәстүрлерін негізге ала отырып, бәсекеге қабілетті, жоғары білікті және кәсіби, шығармашылық әлеуеті жоғары нағыз мамандарды дайындауға күш-жігерін салды.

Оқу-тәрбие ісінде «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламалары негізге алынады. Білім алушылар арасында сабаққа алғыр, талантты студенттер көп. Іштерінде халықаралық, республикалық және облыстық кәсіби шеберлік сайыстары, олимпиадаларының бірнеше дүркін жеңімпаздары бар. Ондай жастарға үнемі қолдау көрсетіледі. Көпшілігі «Жұбанов жылуы» қайырымдылық қорының білім гранттарына ие. Сондай-ақ жастардың білім алуына қолдау көрсетіп отырған әлеуметтік топтың ірі өкілдерінің меценаттық гранттары 22 студентке тағайындалды.

Колледждің материалдық базасы қарқынды дамып келеді, студенттер үшін оқу кабинеттері қазіргі заманғы компьютерлік техникалармен жабдықталған.

«Қазіргі білім берудің маңызды міндеттері келешек ұрпақтың білімді меңгере отырып, рухани-адамгершілік құндылықтарын танып-білуіне, өзін-өзі дамытуына жол көрсету.

Білекке емес, білімге сенетін заманда, заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен білім мен ғылымда болады. Сол білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуіміз қажет. Бүгінгі жас ұрпақ мұны анық сезініп, білім бұлағынан молынан сусындауға зейін қояда», — дейді Г.Уйсінбаева.

ПЕРВЫЕ ВЫПУСКНИКИ КОЛЛЕДЖА

Первые выпускники Высшего колледжа, открывшегося два года назад в университете им. Жубанова, окончили обучение. По инициативе ректора университета Бауржана Ердембекова 1 июня 2018 года «Высший колледж» начал свою работу как структура университета с целью внедрения системы многоуровневого образования. «Нас не смущают новые времена, новые требования к системе образования Казахстана, мы готовы перейти на более высокий уровень образования. Мы тесно работаем над меморандумом, подписанным между Центром повышения квалификации, Назарбаев Интеллектуальной школой и управлением образования Актобинской области. Колледж начнет подготовку бакалавров в новом учебном году. Одной из особенностей колледжа является то, что четверть преподавателей являются магистрантами университета», - говорит директор колледжа Гульжан Уйсинбаева. «Подготовка специалистов по техническому и профессиональному образованию» проводится в колледже по 22 специальностям. Здесь учатся около 700 студентов. В течение двух лет за короткое время университет приложил усилия для подготовки конкурентоспособных, высококвали-

фицированных и профессиональных специалистов с высоким творческим потенциалом, исходя из современных тенденций и традиций казахстанского образования. Образовательные программы основаны на государственных программах «Мәңгілік ел», «Духовное возрождение». Среди учащихся многократные победители международных, республиканских и региональных профессиональных конкурсов, олимпиад. Таких молодых людей всегда поддерживают. Многие из них - обладатели образовательных грантов благотворительного фонда «Жубанов Жылуы». Кроме того, 22 студента получили патронажные стипендии по основным социальным группам, которые поддерживают образованные молодежь. Материальная база колледжа быстро развивается, аудитории для студентов оснащены современным компьютерным оборудованием. «Важнейшая задача современного образования — научить следующее поколение изучать духовные и нравственные ценности, саморазвитие, овладение знаниями. В современном мире сила страны заключается прежде всего в образовании и науке. Мы должны иметь возможность использовать эти знания на благо жизни. Сегодняшнее молодое поколение уверенно в этом», — сказала Г. Уйсинбаева.

FIRST COLLEGE GRADUATES

The first graduates of the Higher College, which opened two years ago at the University. Zhubanova, graduated. On the initiative of the university rector Baurzhan Erdembekov, on June 1, 2018, the Higher College began its work as a university structure with the goal of introducing a multi-level education

system. "We are not confused by new times, new requirements to the education system of Kazakhstan, we are ready to move to a higher level of education. We are closely working on a memorandum signed between the Center for Continuing Education, Nazarbayev Intellectual School and the Department of Education of Aktobe region. The college will begin preparing bachelors in the new academic year. One of the features of the college is that a quarter of the teachers are university students. «Training of specialists in technical and vocational education» is carried out in college in 22 specialties. About 700 students study here. For two years, in a short time, the university has made efforts to train competitive, highly qualified and professional specialists with high creative potential, based on current trends and traditions of Kazakhstani education. Educational programs are based on the state programs «Mugilik el», «Spiritual revival». Among the students are multiple winners of international, republican and regional professional competitions, olympiads. Such young people are always supported. Many of them are holders of educational grants from the Zhubanov Zhyluy charity foundation. In addition, 22 students received patronage scholarships for major social groups that support youth education. The material base of the college is developing rapidly; classrooms for students are equipped with modern computer equipment. "The most important task of modern education is to teach the next generation to study spiritual and moral values, self-development, mastery of knowledge. In the modern world, the strength of a country lies primarily in education and science. We should be able to use this knowledge for the good of life. Today's young generation is confident in this," said G. Uysinbaeva.



Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news

IT-МЕДИКТЕР ДАЙЫНДАУДЫ БАСТАЙДЫ

Zhubanov University жаңа оқу жылынан бастап IT-медиктер дайындауды бастайды. «IT-медицина» мамандығын бітіруші қос дипломға ие болмақ. Әмбебап маман дайындау үшін Zhubanov University М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университетімен келісім-шарт жасады. Оқу мерзімі – 4 жыл. Оқу формасы – күндізгі. Оқыту 3 тілде: қазақша, орысша, ағылшынша жүретін болады.

IT-медик – болашақтың мамандығы. Еліміздің денсаулық сақтау мекемелері алда цифрлық жүйеге толық өтеді. IT-медик түрлі бағдарламалар жасау арқылы белгілі бір ауруға ем табуға қатысады, медициналық шрифттер мен кодтардың шифрын ашады. Осылайша дәл диагноз қойылуы мен науқасқа альтернативті ем-дом түрін ойластыруда IT-медиктің атқарар ролі зор. Оның қызметі ең көп тарап отырған жүрек-қан тамырлары және рак ауруларына қатысты жасалатын күрделі операция уақытында да өте қажет. Өйткені хирург жұмыс процесінде ауру танының жанындағы сау танағы тиіп кетіп, зиян келтірмей тиіс. Өрине операция үстелі жанында рентген-бақылау жасайтын монитор бұрыннан бар.

Ол хирургке кейбір ыңғайсыздықтар туғызады. Ал IT-медиктің арнайы бағдарлама арқылы ауру-сау танағын дәл проекцияда көрсететін жоғары және кең технологиялық әдістерді қолдануы нәтижесінде оперативті емнің сәтті өту көрсеткіші арта-тын болады.

IT-медиктің қызметіне қазіргі кезде ғылыми-зерттеу мекемелері мен емханалар да зәру. Бір сөзбен, өте сауапты әрі қызықты, сондай-ақ жа-лақысы үлкен мамандық ретінде та-нылып отыр.

СТАРТУЕТ ПОДГОТОВКА IT-МЕДИКОВ

Университет Жубанова начнет подготовку айтышников в новом учебном году. Выпускники специальности «IT-медицина» получат двойной диплом. Университет Жубанова подписал контракт с Западно-Казахстанским медицинским университетом им. М. Оспанова на подготовку универсального специалиста. Срок обучения - 4 года. Форма обучения - очная. Обучение будет проводиться на 3 языках: казахском, русском и английском.

IT-врач - это профессия будущего. Медицинские учреждения страны будут полностью оцифрованы в будущем. IT-врач участвует в лечении

определенного заболевания посредством разработки различных программ, расшифровывает медицинские шрифты и коды. Таким образом, роль IT-врача в точной диагностике и разработке альтернативных методов лечения пациента значительна. Его функция также важна при сложных операциях при наиболее распространенных сердечно-сосудистых заболеваниях и раковых заболеваниях. Это связано с тем, что во время процедуры хирург не должен прикасаться к здоровой ткани или повреждать ее. Конечно, у операционного стола уже есть рентгеновский монитор. Это доставляет неудобства хирургу. А в результате использования высокотехнологичных и широко-масштабных методов точного преципирования пораженных и здоровых тканей с помощью специальной программы, вероятность успешного хирургического лечения возрастает. Научно-исследовательские институты и клиники также нуждаются в IT-медицинских услугах. Словом, это очень достойная и интересная профессия, а также хорошо оплачиваемая работа.

STARTS TO PREPARE A SPECIALIST FOR IT-MEDICINE

Zhubanov University will begin preparing IT students in the new

academic year. Graduates of the specialty «IT medicine» will receive a double diploma. Zhubanov University has signed a contract with West Kazakhstan Medical University. M. Ospanova for the training of a universal specialist. Duration of study - 4 years. Full-time form of education. Training will be conducted in 3 languages: Kazakh, Russian and English. An IT doctor is the profession of the future. The country's medical facilities will be fully digitized in the future. An IT doctor is involved in the treatment of a specific disease through the development of various programs, decrypts medical fonts and codes. Thus, the role of an IT doctor in the accurate diagnosis and development of alternative methods of treating a patient is significant. Its function is also important in complex operations with the most common cardiovascular diseases and cancers. This is due to the fact that during the procedure, the surgeon should not touch or damage healthy tissue. Of course, the operating table already has an X-ray monitor. This causes inconvenience to the surgeon. And as a result of using high-tech and large-scale methods for the accurate projection of diseased and healthy tissues using a special program, the likelihood of successful surgical treatment will increase. Research institutes and clinics also need IT medical services. In a word, this is a very worthy and interesting profession, as well as a well-paid job.

МЕЦЕНАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҚҰРМЕТ ТАҚТАСЫ

Жубанов университеті соңғы жылдарда заман талабын ескере жаңарып, жаңыруда. Өсіресе өңірден шыққан танымал тұлғалардың есімдерін ұлықтау ісі жалғасын тауып келеді. Құдайберген Жұбанов, Тахауи Ахтанов, Әбіш Кекілбаев, Өтежан Нұрғалиев атындағы конференц-залдар, Дербісәлі Беркімбаев, Тілеу батыр Айтулы, Қабақ баба Айтулы, Әлім Алмат, Досжан хазірет, Бекежан Сүлейменов, Есет Жұбанов, Рабиға Сыздық және тағы басқа осы өңірден шыққан тұлғаларға, ауған соғысы ардагерлеріне арналған дәрісханалар, мамандандырылған кабинеттер, қазақтың тұңғыш биі қызы Нұрсұлу Тапалова атындағы хореография залы, әнші Роза Жаманова атындағы дәрісхана ашылды. Жалпы алғанда 100-ден аса жабықталған орындардың бірқатары «Пауэр Альянс» ЖШС бас менеджері Арынғазы Беркімбаев, «Тілеу батыр» мейірімділік қорының директоры Қанатбай Елеусізұлы, «Қабақ баба» қоғамдық қорының төрағасы Амантай Үмбетай, кәсіпкер, еңбек ардагері Бақыткерей Адманов, «Ер-Бақыт» спорттық-патриоттық клубының төрағасы Марат Қойлыбаев, «Алмат» мейірімділік қорының төрағасы Роман Рахиев, «Баубек баба» қоғамдық қорының төрағасы Ақылбек Дадін, Ақтөбе облыстық кикбоксинг федерациясының президенті Саламат Қапін, Шілікті ауылы әкімі Құрышбек Қазбеков, Байқоңыр сот-сараптама орталығының жетекшісі Мағауия Бөкешов, Жубанов университетінің доценті Гүлім Елеусінова, ЮСИМАС Халықаралық менталды арифметика академиясының Ақтөбе қалалық филиалының директоры Алмагүл Исабаева, «Тенгішевстрой» ЖШС инженер-механигі Олжас Баянов, «ОМАС интегретед» ЖШС директоры Жалғас Сағинов, «Атамекен Business Media holding» ЖШС маркетингі Алмагүл Сейтенованың демеушіліктерімен жасқалды.

Сондай-ақ, университетте осы демеушілердің қолдауымен 150 студентке тегін білім гранты бөлініп, арнайы шәкіртақылар тағайындалған.

Есімдері аталған меценаттардың адамгершілік, қайырымдылық қасиеттерін насихаттау мақсатында университеттің бас ғимаратында Құрмет тақтасы ашылды. Онда меценаттардың фотосы мен олар жайлы қысқаша ақпарат ілінген.

ПОЧЕТНАЯ ДОСКА ДЛЯ МЕЦЕНАТОВ

В последние годы университет Жубанова прошел модернизацию. В частности, продолжается чествование деятелей из региона: конференц-залы имени Кудайбергена Жубанова, Тахауи Ахтанова, Абиса Кекилбаева, Утежана Нурғалиева, специализированные кабинеты Дербисали Беркімбаева, Тілеу батыр Айтулы, Кабақ Баба Айтулы, Алім Алмат, Досжан хазрета, Есета Жубанова, Рабиға Сыздық и других, учебный класс в честь ветеранов Афганской войны, зал хореографии первой казахстанской танцовщицы Нурсулу Тапаловой, учебный зал певицы Розы Жамановой. Многие из них были оборудованы при непосредственной поддержке меценатов. Это Арынғазы Беркімбаев - генеральный директор ТОО «Пауэр Альянс», Канатбай Елеусізұлы - директор благотворительного фонда «Тілеу батыр», Амантай Үмбетай - председатель общественного фонда «Кабақ Баба», Бахыткерей Адманов - предприниматель, ветеран труда, Марат Койлыбаев - председатель спортивно-патриотического клуба «Ер-Бахыт», Роман Рахиев - председатель благотворительного фонда имени Алмат, Ақылбек Дадін - председатель общественного фонда Баубек Баба, президент Актюбинской областной федерации кикбоксинга Саламат Капін, аким села Чиликты Куршбек Казбеков, Мағауия Бөкешов - руководитель Байқоңурского центра судебной экспертизы, Гулім Елеусінова - доцент университета Жубанова, Алмагүл Исабаева директор Актюбинского филиала Международной академии ментальной арифметики USIMAS Олжас Баянов, инженер-механик ТОО «Тенгішевстрой», директор ТОО «ОМАС Интегретед» ТОО «Медиахолдинг» Алмагүл Сейтенова.

Кроме того, университет при поддержке этих спонсоров предоставил бесплатные образовательные гранты и специальные стипендии 150 студентам. В целях пропаганды моральных и благотворительных качеств названных меценатов в главном здании университета была открыта Почетная доска. На ней выставлены

фотографии меценатов с краткой информацией о них.

HONOR BOARD FOR PATRONS

In recent years, Zhubanov University has undergone modernization. In particular, the celebration of figures from the region continues: conference halls named after Kudaiber-gen Zhubanov, Takhaui Akhtanov, Abish Kekilbaev, Utezhan Nurgaliyev, specialized rooms of Derbisali Berkimbaev, Tleu batyr Aituly, Kabak Baba Aituly, Alim Almat, Dosizdzaeta Zhabeta Zhabeta Zhabaeta Zhubytazha Zhubaeta others, a classroom in honor of veterans of the Afghan war, a choreography room for the first Kazakhstan dancer Nursulu Tapalova, a training room for singer Rosa Zhamanova. Many of them were equipped with the direct support of patrons. These are Aringazy Berkimbaev - general director of Power Alliance LLP, Kanatbay Eleusizuly - director of the Tleu Batyr charity fund, Amantai Umbetay - chairman of the Kabak Baba public fund, Bakhytkey Admanov - entrepreneur, labor veteran, Marat Koylybaev - chairman of the sports and patriotic club "Er-Bakhyt", Roman Rakhiev - Chairman of the Almaty charity foundation, Akybek Dadin - chairman of the public foundation Baubek Baba, president of the Aktobe regional kickboxing federation Salamat Kapin, akim of the village of Chiliky Kuryshek Kazbekov, Magauia Bokeshov - head of the Baikonur forensic examination center, Gulim Eleusynova - associate professor at the University of Zhubanov, Almagul Isabimetova ASIBaeva, Almaty Academic Institute Olzhas Bayanov, mechanical engineer of Tengizchevroil LLP, director of OMAS Integrated LLP Mediaholding LLP Almagul Seytenova.

In addition, the university, with the support of these sponsors, has provided free educational grants and special scholarships to 150 students. In order to promote the moral and charitable qualities of these patrons in the main building of the university, an Honorary Board was opened. It displays photographs of philanthropists with brief information about them.

Жаңалықтарды интернет материалдары бойынша дайындаған Айерке Сұлтанбекова

☑ Kitchen

Создаем лето на кухне

Редакция «ZhU» делится с читателями рецептом легкого в приготовлении и питательного летнего салата.

Потребуется всего 10-15 минут времени для приготовления.

Ингредиенты:

- ♦ 200 г капусты,
- ♦ 200 г салата листового,
- ♦ 2 моркови,
- ♦ 200 г редиса,
- ♦ 50 г зеленого лука,
- ♦ 2 вареных яйца, зелень укропа и петрушки,
- ♦ 3 ст.л. сметаны, соль, молотый черный перец.

Приготовление:

Разрезать каждое яйцо на части.

Салат порвать руками.

Морковь натереть на крупной терке.

Редис нарезать тоненькими кружочками.

Капусту нарезать соломкой.

Лук почистить и мелко нарезать.

Редис, лук и яйца добавить к салату. Приправить солью и перцем.

Все ингредиенты салата перемешать и заправить сметаной.

ПРИЯТНОГО АППЕТИТА!



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде қайта тіркеліп, №16883-Г куәлігі 08.02.2018 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University
облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:

ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК-ы

Ректор
Бауыржан Ердембеков

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айгерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Айгерім Нуршина

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: www.arsu.kz

Facebook: ZhU oblystyq gazetі

Таралымы: 5000 дана